

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

17.03.2021 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары Р. В. Склярға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымызға сайлаушылардан жер мәселесі туралы, соның ішінде жайылым жерлерге қатысты көптеген арыз-шағымдардың келгендігі негіз болып отыр.

Баршаңызға белгілі, 2017 жылы жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданды. Заң жайылымдық алқаптарды тиімді реттеуді дамытуға, оның ішінде жайылымдарды ұтымды пайдалануға және олардың инфрақұрылымын жақсартуға, жердің тозу процестерін болғызбауға бағытталған. Заңның 13-15 баптарына және Жер кодексінің 84-бабына сәйкес қабылданған нормаларда жайылым жерлердің тиімді қолданылуы жөнінде көрсетілген және мал өсірумен айналысатын үй шаруашылықтарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

«Елім бай болсын десең, Жеріңнің бабын тап.

Ерім сай болсын десең, Еліңнің бабын тап» - демекші, аталған Заң қолданысқа енгеніне төрт жылдан астам уақыт өтті. Өкінішке орай, жергілікті атқарушы органдар ол Заңға жеткілікті түрде мән бермей келеді, Заңның 13-бабына сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілер - жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарлар өңірлерде практика түрінде орындалмайды. Жоспарларда ұсынылған карталар мен схемаларда қолданыстағы заңнамада көзделген мәліметтерді қамтымайды және оған сәйкес келмейді. Соның салдарынан ауыл тұрғындары арасында әлі күнге дейін түсініспеушілік пен наразылықтар туындап, жер мәселесі

бойынша даулар көбеюде. Бұл мәселені тездетіп дер кезінде қолға аламасақ, жер дауының мәселесі халық арасында бұдан әрі өрши беретіні анық.

2021 жылдың 26 қаңтарында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев Жайылымдар мәселесіне арнайы тоқталып. Жайылымдардың 36 пайызы ғана мал жайылатынын, қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатқанын атап. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдарды қайтарып алу туралы тапсырмалар беріп, оны ауыл тұрғындарының игілігіне берген жөн деп нақты атап өтті.

«Nur Otan» партиясының Партиялық бақылау комитетінің комиссиясы аталған мәселені қарастырып, тиісіті мемлекеттік органдарға жайылым жерлерге қатысты нақты ұсыныстар берген болатын. Олда бүгінгі таңға дейін шешімін таппай отыр. Аталған комиссияның мәліметіне сүйенсек, елді мекендер үшін жайылымдық жерлердің тапшылығы барлық облыстар бойынша байқалады. Мысалы басқа облыстарға қарағанда ең жоғарғы көрсеткіш Түркістан облысында, яғни 8 476,9 мың гектар. Одан кейінгі бастап тұрған Алматы облысы 4 576,9 мың гектар, Қызылорда облысы 3 697,8 мың гектар және Жамбыл облысында 3 329,7 мың гектарды құрап отыр. Тағы басқа облыстарда да осындай жағдай.

Құрметті Роман Васильевич, Сізден жайылымдарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында:

1. Облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық округтер, кенттер, ауылдық әкімдіктеріне ағымдағы жылдың аяғына дейінгі мерзімде "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, оның ішінде "Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларды" жасауды, бекітуді және практикалық қолдану бөлігінде орындау шараларын қабылдауды;

2. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың биылғы кеңейтілген Үкімет отырысында берген тапсырмасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар елді мекендерге қолданылмай жатқан жайылым жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару жөнінде қатаң шаралар қабылдауды. Сондай-ақ, әрбір елді мекен бойынша жайылымдарды басқару жөнінде нақты жоспарлар құруды және осы жайында халықты ашық түрде хабардар етуді;

3. Заң сәйкестігіне орай орталық және жергілікті атқарушы органдармен қабылданған барлық заңдық актілерге сараптама жүргізуді;

4. «Жайылымдар туралы» Заңның 13, 15 - баптарын және Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағының 4-1) тармақшасының орындалуын ерекше бақылауға алып, Ауыл шаруашылығы министрлігі, өңірлердегі жергілікті атқарушы органдар және жер инспекциясымен бірлесіп, Заңдағы бекітілген міндеттерді дер кезінде орындау, ауыл халқы алдындағы жауапкершілігін күшейту жөнінде және түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

Депутаттық сауалға Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Д. Назарбаева
Қ. Ержан
А. Үйсiмбаев
К. Абасов
М. Төлeпберген
Е. Тайжанов
А. Бердалин
А. Қожахметов
Ә. Әбсеметова
Ғ. Ташқараев
Б. Бекжанов
С. Адамбаев**

*Орын: Әуенов Ө.Ө.
Тел: 746356*